

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2113 тіркелген "Шарттар жасасуды талап ететін шығыстардың экономикалық сыныптамасы бойынша шығыстар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 18 желтоқсандағы N 620 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2003 жылғы 18 маусымдағы N 236 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 10 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2398. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 3 маусымдағы N 211 Бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

*"Заңға тәуелді актілерді жетілдіру бойынша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:*

*1. Қоса берілген тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылсын.*

*2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаменті (Д.В. Вагапов) қоса берілген тізбеде көрсетілген бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен бір апталық мерзімде хабарласын.*

*3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.*

*Министр*

*Қ а з а қ с т а н                    Р е с п у б л и к а с ы  
Қ а р ж ы                    м и н и с т р і н і ң  
2 0 0 5                    ж ы л ғ ы                    3                    м а у с ы м д а ғ ы*

*N 211 бұйрығына қосымша*

*Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің күшін жойған кейбір бұйрықтарының тізбесі*

*13. "Шарттарды жасасуды талап ететін шығыстардың экономикалық сыныптамасы бойынша шығыстар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 18 желтоқсандағы N 620 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2003 жылғы 18 маусымдағы N 236 бұйрығы (Қазақстан*

**Б ұ й ы р а м ы н :**

1. "Шарттар жасасуды талап ететін шығыстардың экономикалық сыныптамасы бойынша шығыстар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2002 жылғы 18 желтоқсандағы N 620 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде N 2113 тіркелген, Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2003 жылғы 1 наурыздағы N 86 бұйрығымен өзгерістер енгізілді - N 2212 тіркелген) мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шарттар жасасуды талап ететін шығыстардың экономикалық сыныптамасы бойынша шығыстар тізбесінде, " Ескерту" бағаны мынадай сөздермен толықтырылсын:

138, 139, 142, 146, 149-ерекшеліктер бойынша:

"және әкімшісі Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі болып табылатын "Шет елдегі сауда өкілдіктерінің қызметін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігінің".

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*